

**Конкурс жариялау**  
**Шымкент қаласы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық**  
**жүргізу құқығындағы «№2 Оңалту орталығы» мемлекеттік**  
**коммуналдық кәсіпорнындағы бос лауазымдары**

**1. Дәрігер-невропатолог-1**

Шымкент қаласы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№2 Оңалту орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Шымкент қаласы, Диваев көшесі, 32, телефон нөмірі: 8-701-348-23-05, gordetbol2@mail.ru, индекс-160013

***Құжаттарды қабылдау мерзімі:***

2024 жылғы 19 қаңтарға дейін қоса алғанда

***Орташа лауазымдық жалақы:***

278 528 теңге – 287 246 теңге

***Қажетті құжаттар тізімі:***

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адам хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдайтын мерзімде ұйымға қолма-қол немесе пошта арқылы мынадай құжаттарды:

- 1) қоса берілетін құжаттардың тізбесі көрсетілген конкурсқа қатысу туралы өтінішті;
- 2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;
- 3) кадрларды есепке алу жөніндегі толтырылған жеке парақты (нақты тұратын мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген);
- 4) лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелерін;
- 5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесін;
- 6) "Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушысының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтаманы ұсынады.

Азаматтық қызметке тұру кезінде, ол адам сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің бар не жоқ екендігі туралы анықтама ұсынады.

Көрсетілген құжаттардың бірінің болмауы құжаттарды конкурсқа қатысушыға қайтару үшін негіз болып табылады.

Конкурсқа қатысушы, болған жағдайда оның біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәреже мен атақ беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, алдыңғы жұмыс орнындағы басшылық берген ұсынымдарды) ұсынады.

### ***Жалпы біліктілік талаптары:***

Дәрігер-невропатолог қызметіне "Денсаулық сақтау" даярлау бағыты бойынша жоғары білім және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім, тиісті мамандық бойынша денсаулық сақтау саласындағы маманның сертификаты бар маман тағайындалады.

### ***Мынадай құзыреттердің бар болуы:***

стресске орнықтылық, бастамашылдық, жауапкершілік, қызметті тұтынушыға және оны хабарландыруға бағдарлану, адалдық, өздігінен даму, жеделділік, ынтымақтастық және әрекеттестік, қызметті басқару.

### ***Функционалдық міндеттері:***

Науқасты бақылауға қажетті деңгейде, емдік қорғау принципі негізінде жүргізуді және медициналық деонтологиялық ережелерін сақтауға, сондай-ақ орталық бекіткен күн тәртібін науқастардың орындауын қамтамасыз етуге.

Күнделікті науқастарға бақылау жасауға, тәулік ішіндегі науқастың бойындағы негізгі өзгерістерді белгілеп отыруға, осыған байланысты емдеу мен күтуге қажетті шараларды анықтауға.

Диеталық тамақтануды белгілеуге.

Кешенді медициналық ақпараттық жүйе арқылы науқастың тарихын жүргізіп, науқастан және оның туыстарынан алынған мәліметтердің күнін белгілеп енгізеді. Түрлі сұраныстар бағыттайды, сұраныстарға жауапты және басқа да құжаттарды науқастың көңіл-күйін міндетті түрде жазып отырады, тағамдық, санитарлық-гигиеналық тәртіпті, медикаменттік тағайындауларды егуді, манипуляция және түрлі емдік шараларды диагностикалық зерттеудің негізгі қолданылуын жазып отырады.

Науқас тарихын төмендегі тәртіп бойынша толтырады:

- Түскен науқасқа 24 сағаттың ішінде «Медициналық ақпараттық жүйе (МИС)» бағдарламасына енгізу;
- бағдарламаға науқастың жағдайы туралы мәліметті аптасына 2 рет жүргізеді, науқастың көңіл-күйі өзгерген жағдайда күнделікті жазу жиілігі өзгерістердің сипатына сәйкес келуі тиіс.

Бөлім меңгерушісіне науқасты шығару немесе басқа мекемеге ауыстыру жөнінде, сондай-ақ диагностикалық өзгеруіне байланысты баяндап отырады.

Науқасты күтуге, емдеуге байланысты тапсырмалардың педагог, орта және кіші медицина қызметкерлерінің уақытылы және дұрыс орындалуын тексереді.

Бөлімнен кетер алдында кезекші дәрігерге және медбикеге арнайы бақылауды қажет ететін ауыр халдегі науқастар туралы жазбаша баяндалуын қамтамасыз етуге.

Белгілі бір уақыттарда келушілерді қабылдайды, оларға науқастардың денсаулығы жайлы хабарлайды және өзіне керекті ақпаратты алады.

Бөлім меңгерушісі болмаған жағдайда кезекші медициналық қызметкерлердің ауысымды қабылдауына қатысады. Кезекші ауысымға жаңадан түскен науқастың жағдайы туралы және жасалып жатқан емі туралы хабарлайды.

Орта және кіші буын медицина қызметкерлерінің біліктілігін көтеруге байланысты оқулардың ұйымдастырылуына қатысады.

Өзінің біліктілігін орталық конференциясында науқасты клиникалық талдауды семинарларда, үйірмеде, республикалық және халықаралық конференцияларда жүйелі көтеріп отырады.

Ішкі тәртіп ережелерін сақтайды, педагог, орта және кіші медициналық қызметкерлердің сақтауын қадағалайды.

Медициналық деонтология және дәрілік этика принциптері мен ережелерін сақтайды.

***Білуі тиіс:***

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 21 ақпандағы № 55 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26867 болып тіркелген);

Қазақстан Республикасы конституциясының, азаматтық және еңбек заңнамасының негіздері;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі жөніндегі тәртіп және нормалар.

***Әңгімелесуді өткізу орны:***

Шымкент қаласы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№2 Оңалту орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, Шымкент қаласы, Диваев көшесі, 32, мәжіліс залы

***Әңгімелесу күні:***

Ол қатысушының жеке парағында көрсетілген телефон нөміріне хабарланады.